

**"Астана қаласын сумен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 1561 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 9 шілдедегі № 700 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласын сумен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 1561 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген Астана қаласын сумен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) 10 қаңтарға және 10 шілдеге Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.»;

3, 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі 1 ақпанға және 1 тамызға Кешенді жоспардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі Б.Ә. Сағынтаевқа жүктелсін.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*С. Ахметов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

9

шілдедегі

№ 700

қаулысына

қосымша

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

7

желтоқсандағы

№ 1561

қаулысымен

бекітілген

# Астана қаласын сумен қамтамасыз ету жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Шығыстар, барлығы (млн. теңге)	оның ішінде жыл		
						2012	2013	2014
1	2	3	4	5	6	7	8	9
<b>1. Ғылыми-зерттеу жұмыстары</b>								
1.	Климаттың өзгеруін ескере отырып, Есіл мен Сілеті өзендері бассейнінің су ресурстарына кешенді ғылыми-зерттеушілік бағалау жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қоршаған ортаның қорғау және бақылау жөніндегі агенттігі, ЭБЖМ	2014 жылғы IV тоқсан	30,0			15
<b>2. Қосымша сумен жабдықтау көзін айқындау</b>								
2.	Балама сумен жабдықтау көздерін ескере отырып, Қ. Сәтбаев атындағы каналдан Астана қаласына дейін су тартқыш салудың техникалық-экономикалық негіздемесін пысықтау (Сілеті өзені және Сілеті су қоймасы, жер асты сулары, бассейнаралық канал салу)	ТЭН, мемсараптаманың оң қорытындысы	Астана қ. әкімдігі, Қоршаған ортаның қорғау және бақылау жөніндегі агенттігі, ЭБЖМ, Ақмола облысының әкімдігі	2012 жылғы IV тоқсан	15,0	15,0		
3.	Балама сумен жабдықтау көздерін ескере отырып, Қ. Сәтбаев атындағы каналдан Астана қаласына дейін су тартқыш салу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Астана қ. әкімдігі, Қоршаған ортаның қорғау және бақылау жөніндегі агенттігі, ЭБЖМ, ӨДМ	2015 жылғы IV тоқсан	91 170,3			46
<b>3. Су тұтынуды және нормативтен тыс шығындарды төмендету</b>								
4.	Тельман кентіндегі сорғы станциясынан Индустриялық парк аумағындағы техникалық су резервуарларына дейін ұзындығы 14,0 км, диаметрі 1000 мм техникалық су тарқышты қайта жаңарту	мемкомиссияның қабылдау актісі, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Астана қ. әкімдігі, ӨДМ, ЭБЖМ	2013 жылғы III тоқсан	2 454			2
5.	Суды үнемдеу технологияларын және айналма сумен жабдықтау жүйелерін қолдануды ынталандыру мақсатында сумен жабдықтау тарифтерін саралау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ТМРА, Астана қ. әкімдігі, Қоршаған ортаның қорғау және бақылау жөніндегі агенттігі, ЭБЖМ	2014 жылғы III тоқсан				
<b>4. Есіл өзенінің деңгейін көтеру</b>								
6.	Талдықөл жинақтауышын жою (1-кезек – Астана қаласынан төмен Есіл өзенінде 136 мың м <sup>3</sup> /тәул. көлемде тазартылған	мемкомиссияның қабылдау актісі, Қазақстан	Астана қ. әкімдігі, ӨДМ, ЭБЖМ		56 871	6 000	5 000,0	23

	ағынды суларды ағызу бойынша құбыр өткізгішті салу	Республикасының Үкіметіне ақпарат		2014 жылғы IV тоқсан				
7.	Талдықөл жинақтауышын жою (2-кезек Астана қаласынан жоғары Нұра-Есіл каналына 118 мың м <sup>3</sup> /тәул. көлемінде тазартылған ағынды суларды ағызу бойынша құбыр өткізгішті салу)	мемкомиссияның қабылдау актісі, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Астана қаласының әкімдігі, ӨДМ, ЭБЖМ	2015 жылғы IV тоқсан				
8.	Кіші Талдықөл өзендерінің аумағындағы жерасты су деңгейін төмендету және кейін оларды Есіл өзеніне ағызу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Астана қ. әкімдігі, Қоршағанортаниі , ӨДМ, ЭБЖМ	2013-2015 жылдар IV тоқсан	8 960,0			5
5. Есіл өзенінің арнасын тазарту мен судың сандық және сапалы жай-күйіне мониторинг жүргізу								
9.	Оңалту және экологиялық-биологиялық тепе-теңдікті қалпына келтіру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Астана қаласының әкімдігі, Қоршағанортаниі	2015 жылғы IV тоқсан	75,0		25,0	25
10.	Сарыбұлақ бұлағын қайта жаңарту	мемкомиссияның қабылдау актісі, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Астана қаласының әкімдігі, ӨДМ, ЭБЖМ	2013 жылғы IV тоқсан	700		700	
11.	Ақбұлақ өзенінің арнасын қайта жаңарту : - Ақбұлақ өзенінің арнасын қайта жаңарту бойынша ЖСК әзірлеу ; - Ақбұлақ өзенінің арнасын қайта жаңарту бойынша жобаны іске асыру;	мемкомиссияның қабылдау актісі, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Астана қаласының әкімдігі, ӨДМ, ЭБЖМ	2013 жылғы IV тоқсан 2014 жылғы IV тоқсан	69,0 750,0*		69,0	75
12.	Есіл өзенінің арнасын қайта жаңартуды аяқтау: - жағалауды тазарту; - жаңа арна салу; - суреттегіш бөгетін салу;	мемкомиссияның қабылдау актісі, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Астана қ. әкімдігі, ӨДМ, ЭБЖМ	2015 жылғы IV тоқсан	11 250,2*	1 850,4	2 780,8	2
13.	Есіл өзенінде 4 автоматтық гидрологиялық және гидрохимиялық бекеттер мен Астана су қоймасында автоматты гидрометеорологиялық станция және Сілеті өзенінің бассейнінде 3 автоматты гидрологиялық бекеттер құру. Есіл өзені бассейніндегі 2 гидробекетті жаңғырту	мемкомиссияның қабылдау актісі, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қоршағанортаниі , Астана қ. әкімдігі , ЭБЖМ	2015 жылғы IV тоқсан	186,6			13
14.	Астана және Сілеті су қоймаларын батиметриялық суретке түсіруді орындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қоршағанортаниі , Астана қ. әкімдігі , ЭБЖМ	2015 жылғы IV тоқсан	31,3			28

15.	Есіл мен Сілеті өзендері бассейндерін алдын ала гидрографиялық тексеруден өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қоршағанортамині , Астана қ. әкімдігі , ЭБЖМ	2015 жылғы IV тоқсан	89,2				78
	Барлығы:				172 605,3	7 850,4	8 574,8		80
	оның ішінде республикалық бюджет				172 446,3	7 835,4	8 480,8		80
	жергілікті бюджет				159	15	94		25

Ескертпелер: \* жыл сайынғы қаржыландыру көлемі тиісті растау құжаттамасын енгізу кезінде елдің экономикалық даму қарқынына, мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің мүмкіндігіне негізделе отырып, тиісті қаржылық жылдарға мемлекеттік бюджетті қалыптастыру кезінде айқындалатын болады

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

Қоршағанортамині – Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

ЭБЖМ – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

ӨДМ – Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі

ТМРА – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

РБ – республикалық бюджет

ЖБ – жергілікті бюджет